

Т.Я. Сәтбай 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.
e-mail: dastan.satbai@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан кеңестік көркем интеллигенция өкілдерінің шығармашылық одақтарға біріктірілгені белгілі. Бұл оларды партиялық-мемлекеттік тұрғыда бақылауда ұстауға қолайлы болды. Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтарда шығармашылық одақтардың жұмысында мазмұндық және формалық өзгерістер болған жоқ. Олардың құрамы мен құрылымы баяу өзгерді. Алайда Кеңестік «жылымық» және «тоқырау» жылдарында Қазақстан зиялыларының жаңа ұрпағы «алпысыншы жылдықтар» қалыптасты. Мақалада 1960 жылдары жүрген Қазақстан шығармашылық одақтарының құрамы мен құрылымындағы өзгерістер аталып өтіп, олардың Қазақстан мәдениеті мен рухани өмірдегі ықпалы қарастырылады. 60-шы жылдары Қазақстан шығармашылық одақтарының құрамында сандық және сапалық өзгерістер жүрді. Егер соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда дүниетанымдарына 1937-1938 жылдардағы Кеңестік қуғын-сүргін әсер еткен мүшелер көп болса, жаңа жағдайларда дүниетанымдары жылымық жылдарында қалыптасқан жаңа ұрпақтың өкілдері келе бастады. Жаңа ұрпақ өкілдерінің көзқарастарына салыстырмалы түрде анағұрлым еркіндік тән болды. Бұл олардың шығармашылықтарынан да байқалды. Сөйтіп, Кеңес одағындағы интеллектуалдық мәдени қозғалыс – «алпысыншы жылдықтарды» тудырды. «Алпысыншы жылдықтардың» көрнекті өкілдері – О. Сүлейменов, І. Есенберлин, М. Мағауин, А. Сейдімбек, Ш. Қалдыаяқов, С. Мұхамеджанов, Ғ. Жұбанова, Р. Сейдалин және т.б. болды. Қазақстанның мәдени өмірінде жаңа толқынның өкілдері белсенділік танытты.

Түйін сөздер: шығармашылық одақтар, жазушылар, суретшілер, сәулетшілер мен композиторлар одақтары, шығармашылық, суырып-салма ақындар, ауыз әдебиетінің өкілдері, колданбалы өнер шеберлері, мелодист-сазгерлер.

T.Y. Satbai

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kazakhstan, Kyzylorda
e-mail: dastan.satbai@mail.ru

Composition and structure of Creative unions of Kazakhstan in the 60s of the twentieth century

The Kazakh representatives of the artistic intellectuals in the Soviet period are known to be united into single creative unions. This enabled to keep them under the complete party and state control. In the first post-war decades, there were no significant substantive and form changes in the activities of the creative unions of the republic. Their composition and structure changed slowly. However, during the years of the Soviet "thaw" and "stagnation", a new generation of Kazakh intellectuals, the so-called Kazakh "sixties" was formed. The article deals with the process of changes that took place in the 1960s in the composition and structure of the creative unions of Kazakhstan, as well as their importance in the cultural and spiritual life of Kazakhstan. In the 60s, the quantitative and qualitative changes took place in the structure of the creative unions of Kazakhstan. If in the first post-war years, the members of creative unions predominated, and their worldview was greatly influenced by the repression of 1937-1938, in the new conditions the representatives of a new generation began to be admitted to the Unions, whose worldview was formed during the years of the "thaw" (1954-1964). The views of the new generation were characterized by a relatively sense of freedom. It was also seen in their art. The intellectual cultural movement in the Soviet Union contributed to the emergence of the movement of the "sixties." The prominent representatives of the Kazakh "sixties" were O. Suleimenov, I. Yessenberlin, M. Magauin, A. Seidimbek, Sh. Kaldayakov, S. Mukhamedzhanov, G. Zhubanova, R. Seidalin and others. The representatives of the new wave took an active part in the cultural life of Kazakhstan, creating a new cultural atmosphere in the life of the republic.

Key words: creative unions, writers, artists, unions of architects and composers, artistic creativity, improvisational poets, folklore, masters of applied art, melodist-composers.

Т.Я. Сәтбай

Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда,
e-mail: dastan.satbai@mail.ru

Состав и структура творческих союзов Казахстана в 60-х годах XX века

Хорошо известно, что казахстанские представители художественной интеллигенции в советскую эпоху были объединены в единые творческие союзы. Это позволило сохранить их под полным партийно-государственным контролем. В первые послевоенные десятилетия в деятельности творческих союзов республики существенных содержательных и форменных изменений не было. Их состав и структура менялись медленно. Однако в годы советской «оттепели» и «застоя» сформировалось новое поколение казахских интеллектуалов, так называемых казахстанских «шестидесятников». В статье рассматриваются процессы происходивших изменений в 1960-х годах в составе и структуре творческих союзов Казахстана, а также их значение в культурной и духовной жизни Казахстана. В 60-е годы в составе творческих союзов Казахстана происходили количественные и качественные изменения. Так, если в первые послевоенные годы преобладали члены творческих союзов, на мировоззрение которых оказывала большое влияние репрессия 1937-1938 гг., то в новых условиях стали приниматься в Союзы представители нового поколения, мировоззрение которых формировалось в годы «оттепели» (1954-1964 гг.). Для взглядов представителей нового поколения было характерно относительное чувство свободы. Это также было замечено в их творчестве. Интеллектуальное культурное движение в Советском Союзе способствовало возникновению движения «шестидесятников». Видными представителями казахстанских «шестидесятников» были О. Сулейменов, И. Есенберлин, М. Магауин, А. Сейдимбек, Ш. Калдаяков, С. Мухамеджанов, Г. Жубанова, Р. Сейдалин и др. Представители новой волны принимали активное участие в культурной жизни Казахстана, создавая новую культурную атмосферу в жизни республики.

Ключевые слова: творческие союзы, писатели, художники, союзы архитекторов и композиторов, креатив, импровизированные поэты, фольклор, мастера прикладного искусства, мелодисты-композиторы.

Кіріспе

Өткен ғасырдың 40 жылдардың аяғы мен 60 жылдардың соңындағы Қазақстан шығармашылық Одақтарының құрамы мен құрылымында өзгерістер Кеңестік саяси жүйе шеңберінде жүріп, оның эволюциясымен тығыз байланысты болды. 40 жылдардың аяғы мен 50 жылдардың басында шығармашылық Одақтардың жұмысына билеуші топтардың басакөктеп араласуы күшейе түсті. Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің көпшілігінің жеке басына, олардың семьяларына нақты қауіп төнді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің аса ірі зұлматты зұлымдықтарының бірі сонда – жеке адам «кінәлі» болып табылған жағдайда «кінә» автоматты түрде оның бала-шағасына, туысқандарына, жақындарына, дос-жарандарына да таңылды. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің өкілдері шығармашылық одақтар жұмысының аясынан тыс қалды.

Хрущевтік «жылымық» жылдарының жемісі Қазақстан шығармашылық Одақтарының құрамындағы сандық және сапалық өзгерістерден де көрінді. Әсіресе, 60 жылдардың басында қазақ әдебиеті, өнері және жалпы

мәдениетіне келген жас толқынның орны ерекше болды. 60 жылдардың ортасынан бастап, мәдениет пен оның салаларын, құрылымдарын, шығармашылық одақтардың жұмысын басқарудың әміршілдік-әкімшілік әдістері қатаң түсті. Шығармашылық одақтар өкілдерінің шығармашылық қызмет еркіндігін шектеу жетілдірілді. Әдебиет пен өнердегі, партиялық, таптық көзқарас, социалистік реализмнің қатаң шарттары, оның өкімдерін сұрқайландырды, шын мәнісінде көркем өнердің туындылары «идеологиялық саяси өнімдерге» айналды. Көркем өнер шығармалары идеялық-саяси мазмұнымен ғана бағаланып, өлшенді. Көркемдік мәдениеттегі ілгері басушылық сапалық көрсеткіштермен емес, сандық көрсеткіштермен өлшеніп: жазушылар, актерлар, суретшілер, журналистер, композиторлардың сан жағынан өсуі үнемі алға тартылып отырды. Осылайша, шығармашылық өнімнің көркемдік құндылығы екінші кезекке ығыстырылды. Мұның барлығы, өз кезегінде көркемдік құндылығы төмен кітаптарды, музыкалық шығармаларды, фильмдерді, суреттерді, мүсіндерді, сәулет ескерткіштерін, журналистік өнімдерді тудырды. Шығармашылық одақтардың жұмысына бюро-

кратизм, бейімделушілік тән келіп, конформистік элементтерге орын берілді. Нәтижесінде 60 жылдардың аяғына қарай «социалистік реализмнің» көркемдік өнімдерін халықтың тұтынуында дағдарыстық белгілер байқалып, бұл – «Қазақ фильм» туындыларына көрермендердің аз баруынан, қазақ тіліндегі кітаптардың кітап сөрелерінде жатып қалуынан, опера мен балетке деген қызығушылықтың орныға қоймағанынан, сәулет өнеріндегі олқылықтардан көрінді.

Қазіргі уақытта Егемен Қазақстан Республикасы, нағыз демократиялық-құқықтық мемлекет құруды, ұлттық мәдениетті өркендетуді және дүниежүзілік қоғамдастық пен интеграцияландыру қолға алып жатқан тарихи тұста – көркем интеллигенциямен шығармашылық одақтардың орнын айқындаудың, олардың қоғамның рухани сауығуындағы рөлін бажайлаудың маңызы зор. Бұл шығармашылық одақтардың, тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін. Шығармашылық одақтардың кеңестік «тар жол тайғақ кешу» кезеңін жаңаша ғылыми ой елегінен өткізу – әдебиет пен өнердегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан, нобайлардан тезірек арылуға да мүмкіндік береді.

Әдістеме

Зерттеу жұмысының барысында автор ғылыми танымның негізгі ұстанымдары – объективтілік, жүйелілік, детерменизм мен тарихилық принциптеріне арқа сүйеді. Объективтілік деректердің аясын кеңейту, зерттеу объектісіне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Тарихилық принципіне сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар хронологиялық реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін көркем интеллигенция мен шығармашылық Одақтардың тарихындағы кезеңдер бөлініп қаралды. Детерменизм мен кешенділік принципін ұстана отырып көркем интеллигенцияға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының барысында заманауи тарих, әдебиет, философия, мәдениеттану ғылымдарының жетістіктері пайдаланылды.

Зерттеулерге шолу

Қазақстанның көркем өнері мен интеллигенциясының шығармашылығын зерттеуге, әрбір көркем өнер салаларының өз өкілдері атсалысты. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Қазақстан музыка мәдениетіне арналған байыпты зерттеулер дүниеге келді. Бұл орайда, А. Жұбановтың зерттеулерін атап өткен жөн. Оның еңбектерінде өткендегі қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы қамтылды (Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. Алматы, 1963). Осы жылдары Қазақстан сәулет, кино, бейнелеу өнерлеріне арналған Т.К. Басеновтің, Н.М. Меңдіқұловтың, Қ. Сирановтың, Г.А. Сарықұлованың еңбектері пайда болды (Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алматы, 1958, Мендикулов М.М. Архитектура города Алматы, 1958, Сиранов К. Казахское кино искусство. Алматы, 1958., Вандровская Е.Б., Сарықұлова Г.А. Женщины художницы Казахстана).

60-70 жылдары Қазақстан композиторларының әндері мен романстарына, қазақ және орыс музыкасының шығармашылық байланыстарына, халық композиторлары мен кеңестік Қазақстан композиторларының шығармашылығына, қазақ музыкасының жаңа формулаларына, Республикадағы көркем өнердің жалпы дамуына арналған зерттеулер молая түсті.

80-90 жылдары Қазақстан музыкасының теориясы мен тарихына, музыка фольклорының тарихнамасына, қазақ бөлігіне, халықтық билерге қатысты Д. Абиров пен А. Исмаилов, Б.Г. Ерзакович пен З.Қ. Қоспақов, Б. Аюханов, З. Дүкенбаева, Ә. Мұханбетовалардың ғылыми және көпшілікке арналған еңбектері жарық көрді. (Д. Абиров., Исмаилов А., Казахские народные танцы. Алматы, 1983, Ерзакович Б.Г., Коспақов З.К. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы, 1986, Аюханов Б. Мой балет. Алматы, 1988, Ә. Мұханбетова. Қағажу көрген қазақ музыкасы, Дүкенбаева З. Қазақстан шығармашылық одақтары және оның Қазақстан халқының мәдениетін дамытудағы рөлі. (1920-30 жж. тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1994). Дегенмен мұндай мақалалар мен зерттеулерде қазақ көркем өнері туралы жаңа құнды пікірлердің болғандығына қарамастан, Қазақстан шығармашылық Одақтарының жұмысы арнайы қарастырылмайды.

Қазақстан шығармашылық одақтарының ахуалы

Кеңестік шығармашылық Одақтардың тарихы, кеңестік тоталитарлық қоғамның эволюциясымен тығыз байланысты. Тоталитарлық қоғам күрделеніп, бюрократиялық орталықтандыру дәстүрі үрдіс етек алған сайын, шығармашылық Одақтардың құрылымдары мен құрамы да күрделеніп, шығармашылық секциялардың саны ұлғайып отырды. 1946-1954 жылдары Қазақстан Жазушылары Одағында 7 шығармашылық секция: сын, проза мен поэзия, драматургия, қазақ, орыс, ұйғыр, жас жазушылармен жұмыс жасау секциялары жұмыс істеді. Секциялар әдеби бірлестіктердің жұмысына бағыт беріп, әдеби оқулар, жазушылардың оқырмандармен кездесулерін, жаңа авторлардың шығармаларын талқылауды, жас авторлардың жинақтарын баспадан шығаруды ұйымдастырды. Қазақстан жазушылары Одағында арнайы орыс, ұйғыр секцияларының болуы қажеттіліктен туындады. Өйткені жазушылар Одағының құрамында орыс, ұйғыр тілдерінде жазатын ақын-жазушылардың едәуір бөлігі бар еді. Орыс, ұйғыр секциялары негізінен осы тілдерде жазатын жазушылардың әдеби шығармашылығын ұйымдастырды және бағыт берді. Жас жазушылармен жұмыс жүргізу секциясының міндеті – әдебиетке енді келген жас таланттардың шығармашылығына қамқорлық жасау, шеберліктерін шыңдау болды.

Әдеби жанрлар бойынша құрылған сын, проза мен поэзия, драматургия секцияларының міндеті – өз жанрлары бойынша шығармашылық процестерді ұйымдастыру, жаңа әдеби туындыларды талқылау, өзара шығармашылық көмек және т.б. еді. Көріп отырғанымыздай әрбір шығармашылық Одақтың құрылуы себептері, алдарына қойған нақты шығармашылық міндеттері болды.

1964 жылы Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасы Президиумының қаулысымен әдеби байланыстар секциясы, әскери әдебиет және көркем әдебиет комиссиялары жұмыс істей бастады. 1968 жылы шығармашылық Одақтағы секциялар саралана, жетілдіріле түсіп, проза, поэзия, драматургия, сын және әдебиеттану, балалар мен жасөспірімдер, көркем аударма, жас авторлармен жұмыс, орыс әдебиеті, ұйғыр әдебиеті, КСРО халықтарының әдебиеттерімен байланыс секциялары және қоғамдық негізде әскери-патриоттық әдебиет комиссиялары жұмыс істеді. Басқарма мүшелерінің саны 54-ке, Президиум мүшелерінің саны 13-ке жетті (ҚРОМА.

1778-қор, 2-тізбе, 847-іс, 3,4 п). 60 жылдары сын секциясының, сын және әдебиеттану болып өзгертілуі, жаңадан, балалар мен жасөспірімдер, көркем аударма, КСРО халықтарының әдебиеттерімен байланыс секцияларының және әскери-патриоттық әдебиет комиссиясының құрылуы – жазушылар Одағын ұйымдық жағынан нығайта түсті. Жазушылар Одағының қатарында әдебиеттанушы ғалымдардың көбейе түсуі, сын секциясының, сын және әдебиеттану болып, кеңейтілуінің қажеттілігін тудырды. Мұнымен қатар балалар мен жасөспірімдер, көркем аударма секцияларының құрылуы бұл салалар бойынша қалыптасқан жазушылар санының артқанын көрсетті.

60 жылдары Қазақстан жазушылары Одағының, КСРО халықтарының әдебиеттерімен шығармашылық байланысы неғұрлым интенсивті жүрді. Сондықтан, осы байланыстарды ұйымдастырып отыратын арнайы секция құрылды. Коммунистік тәрбиенің аса маңызды салаларының бірі әскери-патриоттық тәрбие болғандықтан, Қазақстан жазушылар Одағында да қоғамдық негізде әскери-патриоттық әдебиет комиссия жұмыс істеді. Оның үстіне бұл уақытта соғыс тақырыбына қалам тартқан Қазақстан жазушыларының бір тобы қалыптасқан еді. Әдеби секцияның міндеті әскери-патриоттық тақырыптар жазылған әдеби шығармаларды талқылау, шығармашылық кәсіптік көмек беру, ұсыныстар жасау болды.

Шығармашылық Одақтардың құрылымы, тоталитарлық қоғамның құрылымдары ретінде республиканың барлық өлкелерін, облыстары мен аудандарын қамтуға тиісті болып, нәтижесінде шығармашылық Одақтың облыстық бөлімдері құрылды. 1945 жылдың 5 қаңтарында жазушылар Одағы Президиумының қаулысымен Талдықорғанда, 1947 жылы Семей, Қызылорда, Қарағанды облыстарында жазушылар Одағының облыстық бірлестіктері құрылды. Бұл кезде Қазақстанда 15 облыс болғанымен, қалған облыстарда жазушылардың облыстық бірлестіктерін ашудың материалдық мүмкіндіктері болмады.

Кеңестік шығармашылық Одақтар барлық облыстарда өздерінің бөлімдерін ашуға тырысты, алайда экономикасы, әскери-өнеркәсіптік бағдар алған елдің, мәдени-әлеуметтік салаға келгенде қаржылары жұтаң еді. Мәдени-әлеуметтік талаптар әдетте екінші кезекке ығыстырылып, әйгілі «қалдықты принцип» тұрғысынан қаралды. Сондықтан, 1950 жылдары Қазақстан жазушылар Одағының топтық немесе аймақтық бөлімдері ашылды. 1957

жылдың 22 сәуірінде Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің №513 жарлығымен Қарағанды мен Қызылорда облысаралық бөлімдері құрылды. 1959 жылы 27 мамырда Министрлер Кеңесінің №709 бұйрығымен Гурьевте (Атырау), Петропавловскіде, Семейде облысаралық бөлімдер ашылды. 1963 жылға дейін бұл бөлімдер дербес баланста тұрды. Осы жылдан бастап бұл бөлімдер жазушылар Одағымен біріктірілді де Гурьевтегі облысаралық бөлім Оралға, Қызылордадағы бөлім Шымкентке, Петропавловскідегі бөлім Целиноградқа (Ақмолаға) көшірілді. Сонымен, 1966 жылы Целиноградта, Оралда, Қарағандыда, Семейде, Шымкентте Қазақстан жазушылары Одағының облысаралық ұйымдары болды. Облысаралық бөлімдердің міндеті – жас авторлармен жоғарғы жұмыс жүргізу, әдеби қозғалыстарды жоғарғы идеологиялық деңгейге бағыттап отыру, қабілетті әдебиетшілерді іріктеу, олардың идеялық-саяси және кәсіптік деңгейін, шеберліктерін көтеру, әдеби үйірмелерге практикалық жәрдем көрсету және т.б. болды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан Суретшілері Одағының басқармасында 4 шығармашылық секция: живопись, кескіндеме, мүсін және театр безендіру секциялары жұмыс жасады. 1949 жылдан бастап көркемдік студия жұмыс істеді. 1951 жылы сын секциясы құрылды. КСРО суретшілерінің Жарғысы КСРО Суретшілері Одағының 1965 жылғы 26 қарашадағы 1-құрылтай съезінде бекітіліп, 1968 жылы Суретшілер Одағының басқармасында живопись, кескіндеме, мүсін, театр безендіру, өрнекті қолданбалы өнер және өнертану, плакат, жас суретшілер секциялары және қазақ сурет өнерін насихаттау комиссиялары жұмыс жасады. Суретшілер Одағының жергілікті жерлермен байланысы Жазушылар Одағына қарағанда өте нашар жолға қойылды. «Одақтың жұмысындағы үлкен олқылықтардың бірі облыс суретшілерімен қандай да бір болмасын байланыстың болмауы болды» (ҚРОМА 1736 қор, 1-тізбе, 340-іс, 4 п., одақ басқармасының 1949 жылғы май – 1950 сәуір айларындағы істеген жұмысының есебі).

Қазақстан облыстарының суретшілері тұңғыш рет республикалық көрмелерге 1949 жылдан қатысты. Осы жылы Гурьевтен (Атырау) 1, Шымкенттен 3, Целиноградтан 3, Семейден 3, Көкшетаудан 1, Талдықорғаннан 1, барлығы 11 суретші; 1950 жылы 19 суретші Қарағандыдан 1, Талдықорғаннан 3, Қызылордадан 2, Целиноградтан 2, Семейден 6, Шымкенттен 2, Ақтөбеден 2, Өскеменнен 1 суретші республикалық көр-

мелерге қатысты (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві 1736 қор, 1-тізбе, 362-іс. 16, 17 п.). Қазақстан Суретшілері Одағы ұйымдық жағынан ең әлсіз Одақтардың бірі болды.

1946-1964 жылдар аралығында Сәулетшілер шығармашылық Одағының басқармасының 6 секция мен комиссиялары – қалалар салу және аудандық жобалау, тұрғын үй-тұрмыстық және мәдени-тұрмыстық құрылыс, өнеркәсіп құрылысы мен сәулеті, жаңа құрылыс техникасы мен құрылыс материалдары, село құрылысы мен сәулеті, сәулет тарихы мен теориясы секциялары, мәдени-бұқаралық жұмыстар жөніндегі комиссия, әлеуметтік тұрмыстық қызмет көрсету комиссиясы жұмыс істеді. Сәулетшілер Одағының үш мүшесі бар қалалар мен облыс орталықтарында, Одақ басқармасының құзырлық өкілдіктері (уполномоченные) болды, осыған сәйкес 1947 жылы Қарағандыда да Сәулетшілер Одағының бөлімшесі ашылды, ол 4 адамды біріктірді. 1962 жылдың 19 қазанында Целиноградта (Нұрсұлтан) облыстық бөлімше ашылды. Сонымен, 1965 жылы Одақтың облыстық бөлімшелері Целиноград (Нұрсұлтан) пен Қарағандыда ғана болды.

1952 жылы Қазақстан Сәулетшілері Одағы мүшелерінің саны 37 адамға жетті, оның 25-сі Алматыда, 8-і Қарағандыда, 3-і Семейде және 1-і Гурьевте (Атырау) тұрса, 1959 жылы 100 сәулетшінің 65-і Алматыда тұрды. 1969 жылы сәулетші мамандарының жетіспеушілігінен Қазақстанның 75 қаласының 14-де ғана сәулетшілер Одағының мүшелері болып, барлық 168 сәулетшінің 130-ы Алматыда тұрды. Демек, Қазақстан Сәулетшілері Одағын өз атымен атағаннан гөрі Алматы сәулетшілер Одағы мен оның филиалдары деп атаған дұрыс болар еді. Бұл жағдайда шығармашылық Одақтың ұйымдық жағынан әлсіз болғанын көрсетсе керек.

Қазақстан композиторлары Одағының басқармасында музыкасы, бұқаралық музыкалық жанрлар, опера-симфониялық және камералық аспаптар музыкасы, жастар, музыка тану, музыка секциялары жұмыс жүргізді. 1960-1970 жылдары шығармашылық Одақтағы секциялар барынша іріктеліп, опералық-симфониялық, эн-хор, камералық, балалар музыкасы, музыка тану, музыка мен театр, радио, кино және эстрада, насихат секциясы, жастар секциясы, әскери-патриоттық музыка комиссиялары болып жетілдірілді.

Композиторлар Одағының негізгі мүшелері Алматы қаласына шоғырланды. Одақтың жергі-

лікті жерлердегі ықпалы, әсіресе, 1946-1954 жылдары өте төмен болды. Облыстарда кәсіпқой композиторлардың бөлімдері болған жоқ. 1948 жылы Қазақстан композиторларының I-съезінде композитор Е. Брусиловский «республиканың шеткері аймақтарының Одақтың ықпал аймағынан «тыс қалғандығын» атап көрсетті (ҚРОМА. 1773-қор, I-тізбе, 84-іс, 5 п, 157-іс, I п). Қазақстан шығармашылық Одақтарының құрамы мен құрылымына талдау жасай келе, әр жылдары Одақтарды басқарған мәдениет пен өнер қайраткерлерінің жеке құрамына да қысқаша тоқталғанды жөн көрдік. Өйткені, шығармашылық Одақтар тарихының құрамдас бөлімін ұйымдастыру жұмыстары құрайды. 1946-1954 жылдары Қазақстан композиторлары Одағын Е. Брусиловский, 1954-1956 жылдары М. Төлебаев, 1956-1960 жылдары Қ. Қожамьяров, 1960-1962 жылдары С. Мұхамеджанов, 1962-1968 жылдары Ғ. Жұбанова, 1968-1970 жылдары Е. Рахмадиев басқарды. Шығармашылық Одаққа басшылық еткен бұл композиторлардың барлығы да еуропалық музыкалық жанрларда еңбек еткен сазгерлер еді.

1946-1950 жылдары Сәулетшілер Одағын М.А. Белов, 1950-1952 жылдары К.Я. Баранов, 1952-1954 жылдары Х. Наурызбаев, 1954-1962 жылдары С. Мәмбеев, 1962-1965 жылдары Н.С. Гаев, 1965-1968 жылдары Қ. Телжанов, 1969-1970 жылдары С. Мәмбеев басқарды.

Қазақстан Сәулетшілері Одағының басшылығында 1946-1948 жылдары А.И. Беднегин, 1948-1955 жылдары М.М. Мендіқұлов, 1955-1959 жылдары А.А. Лептик болса, 1959-1964 жылдары Е.К. Дятлов, 1965-1970 жылдары Р.А. Сейдалиев болды. Бұл суретшілер мен сәулетшілер шығармашылық Одақтарының тарихында өзіндік орын алады. Дегенмен, Кеңестік Қазақстан сәулет өнеріндегі жетістіктер мен шешімін таппаған проблемалар сақталып қалды (Глаудинов, 1974).

Қазақстан Жазушылары Одағын 1946 жылдан 1951 жылдың 14 тамызына дейінгі аралықта белгілі жазушы С. Мұқанов басқарса, осы мерзімнен 1953 жылдың 25 тамызына дейінгі кезеңде Т.А. Жаймурзин басқарды. Т.А. Жаймурзин бұған дейін Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған еді. 1953 жылдың жазында Т.А. Жаймурзин Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің шешімімен СОКП Орталық комитетінің жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясының аспирантурасына жіберіліп, оның орнына бұл қызметке жазушы Ғ. Мұстафин тағайындалды. Ғ. Мұстафин

Жазушылар Одағын 1953 жылдың тамызынан 1953 жылдың желтоқсанына дейінгі аралықта басқарып, оны жазушы Ғ. Мүсірепов алмастырды. Жазушылар Одағын мейлінше ұзақ жылдар бойы басқарған Ғ. Мүсірепов болды. Ол шығармашылық Одақтың төрағалығы қызметін 1966 жылға дейін атқарды. 1966-1970 жылдары бұл қызметті атқару жазушы Ә. Шариповтің еншісіне тиді.

Ғ. Мүсірепов пен Ә. Шәріпов басқарған жылдар Жазушылар одағының тарихындағы мейлінше жемісті жылдар болды. 1965 жылы Ғ.Мүсіреповтің ұсынысымен Қазақстан Компартиясы орталық комитеті мен Министрлер Кеңесінің алдына әдебиет, музыка, живопись пен мүсін өнері, кино, театр, ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша озық туындыларға мемлекеттік сыйлықтар тағайындау мәселесі қойылды. Айта кететін жәйт, 1954 жылға дейін де Абай мен Жамбыл атындағы әдеби сыйлықтар тағайындалған болатын. Алайда, мемлекеттік сыйлықтарды беру жөніндегі комитет құрылмай, бұл аса маңызды шара ұмытыла бастаған-ды. Ғ.Мүсіреповтің бастамасымен бұл мәселе қайтадан қолға алынып, көп ұзамай аталмыш өнер салалары бойынша мемлекеттік сыйлықтар белгіленді. Үздік өнер шығармаларын анықтайтын арнайы мемлекеттік комитет құрылды. Оның ең алғашқы лауреаттары да атала бастады.

Жазушылар Одағын Ғ. Мүсірепов басқарған жылдары қолға алынған игілікті істер, Ә. Шәріпов басқарған жылдары да жалғасын тапты. 1967 жылы «Қазақстан халық ақыны», «Қазақстан халық жазушысы» деген құрметті атақтар белгіленді. Жазушылар Одағының және оның мүшелерінің материалдық және әлеуметтік өмірінде ілгері жылжушылықтар байқалды. Атап айтқанда, жазушылар Одағы аппаратының штаттық кестесі кеңейтіліп, алдыңғы жылдармен салыстырғанда көптеген жазушылардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуінде пәрменді қадамдар жасалынды. Біз, суретшілер, сәулетшілер, композиторлар мен жазушылардың шығармашылық Одақтарының соғысқа дейін құрылғандығын атап өттік. Бұл Одақтардың құрылған күнінен бастап жүргізілген ұйымдастырушылық жұмыстар біздің зерттеуіміздің хронологиялық шеңберіне кірмейтін болғандықтан, 1946 жылдан бастап жүргізілген жұмыстарды қамтыдық.

50-жылдардың екінші жартысында құрылған Қазақстан кинематографистері мен журналистерінің шығармашылық Одақтарының ұйымдасып, қалыптасу тарихы егжей-тегжейлі

тоқтауды талап етеді. Қазақстан кинематографистерінің ұйымдастыру бюросы Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 9 маусымындағы №458 қаулысы бойынша және 1958 жылдың 19 мамырындағы КСРО кинематографистері қызметкерлері Одағының ұйымдастыру комитеті Президиумы мәжілісінің хаттамасы негізінде құрылды. Оның алдында Қазақстан кинематографистерін біріктіру міндеті тұрды. 1958 жылғы штаттық кестеге сәйкес ұйымдастыру бюросы – төрағадан, төрағаның орынбасарынан, шығармашылық секциялардың төрағасынан, жауапты хатшыдан және бухгалтерден тұрды. Шығармашылық Одақтың төрағалығына қазақтың тұңғыш режиссері Ш. Айманов тағайындалып, ол 1970 жылға дейін, шын мәнісінде Одақты ауысымсыз басқарды. Осы жылдары Ш. Аймановпен қатар режиссерлар Ә. Қарсақбаев және М. Бегалин шығармашылық Одақтың жұмысында белсенділік танытты.

Қазақстан кинематографистері қызметкерлері Одағы ұйымдастыру бюросының 1958 жылғы 6 қыркүйектегі мәжілісінің хаттамасымен құжатты және ғылыми көпшілік фильмдер секциялары бекітілді. 1959 жылы киноәуесқойлар секциясы құрылды.

1960 жылдың 28 мамырында Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің жарлығы және осы жылдың 8 қаңтарындағы КСРО кинематография қызметкерлері Одағы ұйымдастыру комитетінің Президиумы мәжілісінің хаттамасы негізінде Кино Үйі ұйымдастырылды. 1963 жылдың 9-10 қаңтар аралығында өткен Қазақстан кинематография қызметкерлерінің құрылтай съезі Одақтың Басқармасын және секретариатын сайлады (1963 жылғы 15 қаңтардағы №2 хаттама). Осы хаттамамен Басқармадағы көркем кинематография, кинодраматургия, ғылыми-көпшілік, құжатты кинематография мен әуесқойлар, актерлық және дубляждық жұмыс секциялары және кино үйінің кеңесі бекітілді. 1965 жылдан бастап Қазақстан кинематография қызметкерлері Одағы Ш Пленумының шешіміне сәйкес, Одақ бұдан былай – Қазақстан кинематографистері Одағы деп атала бастады (Федулин, 1967).

1957 жылы Алматыда Қазақстан журналистерінің 9 адамнан құралған Ұйымдастыру бюросы құрылып, олардың алдында Қазақстан журналистері Одағын құру міндеті тұрды. Ұйымдастыру бюросының төрағасы қызметіне «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы К. Шәріпов тағайындалды. Көп ұзамай республиканың ірі журналдары мен газет ұжымдарының

редакцияларында және баспаларда құзырлық тораптар (сеть уполномоченных) құрылды. Бұдан кейін қолға алынған ірі шаралардың бірі шығармашылық комиссиялардың – халықаралық және бүкілодақтық байланыстар, баспа қызметі, очерк, репортаж жөніндегі құрылуы болды. Барлық облыстарда облыстық ұйымдастыру бюролары құрылып, олар негізінен облыстық газеттердің редакцияларында орналасты.

1959 жылдың қаңтар айында Қазақстан журналистерінің 1-съезі өтіп, съезд «еркін» шығармашылық ұйым ретінде Одақты құруды ұйымдық жағынан аяқтады. Съезд Қазақстан Журналистері Одағының төрағалығына К. Шәріповті сайлап және бекітті. Барлық шығармашылық Одақтардың үлгісіне сәйкес, журналистер одағының жоғарғы жетекші органы республикалық съезд болып қабылданды. Съезд аралықтарында Журналистер Одағының қызметін атқаратын атқарушы орган – Одақ басқармасы сайланды. Ағымдағы жұмыстарға басшылық жасау үшін Басқарма Президиумды сайлады. Жауапты хатшы қызметін босатылған қызметкер атқарды. 1959 жылы журналистер Одағының штаттық кестесі бойынша үш адам жұмыс істеп, олар: жауапты хатшы, бухгалтер және хатшы-машинисткадан тұрды.

1965 жылы Қазақстан Журналистер Одағында 11 шығармашылық секция мен комиссиялар жұмыс істесе, облыстардағы секциялардың саны 60-қа жетті. 1965 жылы облыстық секциялардың жұмысына басшылық жасау үшін республикалық шығармашылық кабинет құрылды. Осы жылы журналистер Одағының басқармасында «Гүлстан» фотостудиясы ашылып, оның міндетті фотокөрмелер мен фотоальбомдар ұйымдастыру және дайындау болды.

Сонымен, 50-жылдардың аяғында Қазақстан шығармашылық Одақтардың саны жаңадан құрылған кинематографистер, журналистер Одағымен толыға түсті. Жаңадан құрылған шығармашылық Одақтар жылдан жылға өздерінің құрамы мен құрылымын нығайта бастады. Қазақстан көркем интеллигенциясының жұмысын ұйымдастыруды алдына міндет етіп қойған, шығармашылық Одақтар құрылымдары қызметінің өзі – ұйымдық жағынан прогресс болып табылады. 1946-1970 жылдары шығармашылық Одақтар құрамының баяу да болса, үнемі өсіп отырғанын атап өттік. Әсіресе, жас таланттар үшін шығармашылық Одақтардың құрамына мүше болу аса құрметті іс болды. Бұл ең бірінші кезекте, олардың кәсіптік жағынан мойындалуы болып табылды. Олардың

көпшілігінің тырнақ алды шығармалары Одақтардың секцияларында тәжірибелі әріптестерінің талқылауларынан өтіп, ақыл-кеңестер берілді, қамқорлықтар көрсетілді. Мұндай шығармашылық талқылаулардың, жас таланттардың кәсіптік кемелденуіне пайдасы тимей қойған жоқ. Алайда, шығармашылық Одақтардың құрылымы тоталитарлық қоғамның қойнауында дүниеге келді. Алғашқы уақыттарда көркем шығармашылық интеллигенция өкілдерінің ұйымы ретінде құрылған Одақтар бертін келе «тоталитарлық жүйе механизмдерінің біріне айналып, түрлі саяси науқандарға тартылды және әр жылдары өзіне тән емес саясаттанған міндеттерді орындады» (Карабаева, 1993).

Бүкіл Кеңес қоғамы тәрізді, шығармашылық Одақтардың жұмысында да формалистік элементтер күшейе түсті. Оған көз жеткізу үшін шығармашылық Одақтардағы жаңа мүше қабылдау тәртібін алдыға тартсақ жеткілікті. Мүшелікке кіруге тілек білдірушінің ең бірінші міндеті Одақ президиумының төрағасына арыз жазу болды. Арыз секция отырысында талқыланды. Шығармашылық секциялардың өзіндік бюросы арызды қарап, президиум отырысында онан әрі қарауға ұсыныс жасады. Президиум отырысы оны талқылап, бүкілодақтық шығармашылық Одақтың секретариатына бекітуге жіберді. Сөйтіп, мәселе түпкілікті Мәскеуде шешілді. Бұл екі аралықта мүшелікке кандидат мың сан тексерулерден өтті, анкеталық бланктер толтырды, қоғамдық тапсырмалар орындады. Шығармашылық Одақтардың жарғысы бойынша белгіленген 1-2 жылдық мүшелікке кандидаттық мерзімін өтеді. Қысқасы, мүшелікке қабылданғанға дейін көп әуресарсаңға түсті. Шын мәнісінде мүшелікке қабылдаудың жарғылық талаптары орындала бермей, кейбір мүшелікке талапкерлердің кандидаттық стажы ондаған жылдарға дейін созылды.

Осы орайда, 1956 жылдың 27-29 наурызында Қазақстан Суретшілерінің IV съезінде сөйлеген өскемендік суретші Рахимовтың: «Жас суретшілер училище қабырғасынан шығады да көп жыл бойы Одақтың есігін тоздырумен болады... Мен жыл сайын Одаққа не кандидаттыққа не мүшелікке қабылданамын, тіпті қолымды қысып, құттықтады да» (ҚРОМА. 1736-қор, I тізбе, 515-іс, 2, 3 п.) – деуі қалыптасқан шығармашылық жағдайды дәл бейнелейді. Алайда, осыншалықты қиыншылықтарға қарамастан, жас ұлттық кәсіби суретшілердің саны артты (Копбосынова, 1972). Суретші Рахимовтың кандидаттық стажы 10 жылға жетсе, көптеген кітаптардың авторы, жа-

зушылар Одағының I, II, III съездерінің делегаты А. Дубовицкийдің кандидаттық стажы 18 жылға жетті. Мұндай фактілер басқа шығармашылық Одақтардың тәжірибелерінен де кездесті. 1955 жылы Қазақстан композиторларының II съезінде сөйлеген композитор Е. Брусиловскийдің сөздері Одаққа жаңа мүшелерді қабылдау ісінің қаншалықты бетімен жіберілгендігін көрсетті: «Есеп беріп отырған 7 жылдың ішінде, – дейді ол. – Біздің Одақтың жеке құрамы көбейгеннен гөрі азайып кетті. Жеті жыл ішінде біздің композиторлар ұйымының жаңа мүшелермен толықпауы – басқарма жұмысының ірі олқылығы. Бір қарағанда солай болып көрінгенмен, бұл талаптың жоғарылығын көрсетпейді, керісінше немқұрайлықты, мүдделі еместікті көрсетеді. Жас композитор Бычковтың арызының Одақ басшылары столының астында 4 ай бойы жатқанын, одан мүлде кездейсоқ табылып, сонда ғана қаралғаны жеткілікті» (ҚРОМА 1840-қор, I-тізбе, 92-іс, 119,120 п.).

Алайда, бұдан барлық кандидаттар осындай сергелденнен өтті деген тұжырым жасасақ, асығыстық болған болар еді. Жоғарғы жақ (Бүкілодақтың басқарма президиумы немесе секретариаты) Одақ мүшелерінің санына үнемі назар аударып, оның тым азайып кетуіне жол бермеуге тырысатын, өйткені ол Одақтың материалдық мүддесіне кері әсер ететін. Қияс жағдайларда Орталықтың өкілдері жергілікті жерлерге келіп, жағдайды «түзеп» отырды. Бұл әдетте кеңестік практикада «жәрдемді барған жерде көрсету» деп аталды. Суретші Назыровтың айтуынша «бірде бір адам бірде бір кандидат немесе Одақ мүшесі, біздің басқарма өтініші бойынша қабылданбай, бұл іс орталықтың ұйымдастыру комитетінен келген жолдастардың қолға алуымен бітіп отырды» (ҚРОМА 1736-қор, I-тізбе, 515-іс, 28 п.).

Шығармашылық еңбекті талқылау сияқты аса ыждағаттылықты талап ететін жұмыстың формасында да формализм элементтері көрініс берді. Шығармашылық Одақтардағы әрбір жаңа туынды әуелі секцияларда талқыланып президиум отырысына жіберілді, одан соң көркемдік немесе шығармашылық кеңесте қаралып, әрбір талқылаулардан кейін авторлар берілген кеңестерге құлақ салып «түзетулер» енгізді. Жалпы талқылау жұмыстарының пайдалы жақтарын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, кейбір уақыттарда берілген «кеңестер» мен «қамқорлықтар», «жәрдем көрсетулер» шектен шығып, туынды авторларының шығармашылық намыстарына тиіп кетіп отырған жағдайлар да

аз болмады. Шығармашылық секциялар мен кеңестердегі үрдіс етек алған мұндай практика, 1946 жылы Қазақстан Жазушылар Одағында өткен мәжілісте жазушы Ғ. Мүсірепов тарапынан сынға алынды – «Шығармашылық кеңес дейтін мені де тыңдап көрген еді, – деді ол, – бірақ, дегенмен біздің нақты жағдайымызда бұл шығармашылық кеңес емес тәрізді... Мен бұл істің пайдалы жағын жоққа шығармаймын, әрбір жазушы өз қажетінше пайдалы жағын алатыны сөзсіз, бірақ менің жеке басым жазушыға деген шығармашылық жәрдемді біршама басқаша түсінемін» (ҚРОМА. 1778-қор, 2-тізбе, 13-іс, 30 п).

Шығармашылық Одақтардың жұмысында мұнымен қатар бюрократиялық әміршілдік элементтер де белең алды (Гуревич, 1992: 14-15). Композиторлар Одағындағы берекесіздіктерге тоқтала келіп, 1954 жылы Қазақстан композиторларының VII пленумында композитор Л.М. Шаргородский «Одақтың әлі күнге дейін қоғамдық шығармашылық ұйым бола алмай отырғанын, қайта аздап, меніңше композиторлар шығармашылығының басқармасын еске салатындығын» атап өтсе, оның әріптесі Аравиннің сөзі жағдайдың күрделілігін онан сайын айқындай түседі. «Соңғы уақыттарда біздің одағымыз шығармашылық ұйымнан, шығармашылық мәселелерімен айналысатын ведомстволық мекемеге айналды. Турасын айту керек біздің басқарма (композиторлар одағы) соңғы екі жылдың көлемінде өзінің барлық жұмысын тежеді» (ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 79-іс, 50-п). Шығармашылық Одақтың төменгі буындары жоғарғы құрылымдарға осылайша наразы болса, жоғарғы құрылымдар – Басқармалар мен президиум мүшелері – төменгі секциялардың жұмысына көңілі толмады. Қазақстан композиторлар Одағы басқармасының 1968 жылдың наурызы мен 1969 жылдың маусымы аралығындағы есебінде: «ән-хор, музыка мен театр, радио, кино және эстрада сияқты секциялардың немен айналысқанын біз әлі күнге дейін анықтай алмай отырмыз» (ҚРОМА. 92-іс, 42, 43 п) – деп жазылды. Мұндай пұшаймандық лажсыздықтар барлық шығармашылық Одақтарда аз болған жоқ. Бірақ, Кеңестік идеологиялық талаптар бойынша мұндай кемшіліктер тұмшаланып, жетістіктерді атап өту дәстүрге енді. Әсіресе, орыс музыкасы мен қазақ музыкасының байланыстарына пәрмен берілді (Ерзакович, 1963: 46-47).

Кеңестік жүйенің ұстанған принциптері бойынша, құрылған шығармашылық Одақтар мен оның құрылымдары елдің шығармашылық

күштерін біріктіруі тиіс еді. Алайда, кеңестік саяси жүйенің дамуымен, шығармашылық Одақтар бірте-бірте тоталитарлық мемлекеттік машинаның тетігіне айнала бастады. Саяси өктемдік, тоталитарлық шығармашылық құрылымдардың табиғаты, еркін шығармашылық табиғатына жат болып шықты. Кеңестік шығармашылық құрылымдар негізінен, шын мәнісінде «коллективті» еңбекті талап етсе, еркін шығармашылық табиғаты жеке шығармашылық еңбекті талап етті. Мұндай қарама-қайшылық кеңестік жүйе жағдайында формализм мен көзбояушылықты объективті түрде тудырды. Сәулетші М.М. Меңдіқұловтың мойындауынша «бірқатар жұмыстар істелініп жатқанымен біздің одағымыз нашар жұмыс істеуде. Жекелеген авторлардың шығармашылық өміріне аз көңіл бөлінеді. Мұнда бізді түсінбейді, бағаламайды» (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві 1840-қор, 3-тізбе, 15-іс, 4 п). Формализм мен көзбояушылық суретшілер Одағында да етек алды. 1959 жылы Қазақстан Суретшілерінің V съезінде «біздің секцияларымыз өз жұмысына көбіне шығармашылық жәрдем алу үшін эскиздер қараумен немесе келісім шартқа рекомендация алумен шектеледі» (ҚРОМА. 1773 қор, I тізбе, 48-іс, 38 п) деп атап көрсетілді.

Шығармашылық Одақтардың жұмысындағы формализм мен әміршілдік элементтер облыстық бөлімшелерге де тән болды. 1955 жылдың I желтоқсанында өткен Қазақстан жазушылар Одағының II пленумында сөйлеген Қарағанды облысының өкілі Теміржановтың сөздері мұны айқын бейнелейді: «бізге андасанда өкілдер келеді. Олар аттан түсе сала бір жиналыс өткізеді, екпінді сөздер сөйленеді. Бір шығарманы алып талдаған болады, сонымен әдебиет жұмысы жақсарып кеткен екен деп кете барады... Қарағанды облыстық комсомол комитетінің хатшыларының бірін бірлестікке формальді түрде кіргізіп алдық. Жиналыс бола қалған күнде телефонмен шақырғанға келмесе, адам жіберіп, сүйреп әкеліп қатыстырамыз» (ҚРОМА. 1736-қор, I тізбе, 620-іс, 36 п). Қалған облыстық бөлімшелердегі жағдай бұдан тәуір болған жоқ, қайта керісінше аса күрделі болды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміз Қазақстан шығармашылық Одақтары құрамының тоталитарлық қоғамның өнерге, шығармашылыққа деген талаптарымен айқындалғанын көрсетеді. Шығармашылық Одақтардың

құрылымы республикадағы шығармашылық күштерді біріктіруге, ортақ мақсатқа жұмылдыруға бағытталды. Республика көркем интеллигенциясы өкілдерінің шығармашылық қызметінде, тәжірибе алмасуларында, жалпы шығармашылық байланыстарының дамуында оның пайдалы жақтары болды. Алайда, өзінің дамуының барысында және кеңестік жүйенің өктемдігі жағдайында, мұндай шығармашылық құрылым республикадағы шығармашылық күштердің шамадан тыс орталықтандырылуына

әкеліп соқтырды. Мұндай орталықтандырылған құрылым шығармашылықтың табиғатына жат еді. Шығармашылық Одақтардың тоталитарлық құрылымы бюрократиялық жұмыс әдісін тудырып, шығармашылық өкілдеріне орасан, зор залалын тигізді. Мұндай тенденция Кеңес одағындағы басқа республикалардағы шығармашылық одақтарға да тән болды (Мехтиева, 1991). Өнерге, шығармашылық самғау тән. Бірақ, кеңестік шығармашылық Одақтардың құрылымы оған тұсау бола басталды.

Әдебиеттер

- Глаудинов Б. (1974) Архитектура Советского Казахстана. Москва: «Стройиздат». – 133 с.
- Гуревич Л.Я. (1992) Тоталитаризм против интеллигенции: из истории политики тоталитарного государства в отношении интеллигенции Казахстана. Алматы: «А10 Нариван». – 145 с.
- Ерзакович Б.Г. (1963) Қазақ және орыс музыкасының байланысы. Алматы: «Қазмембасп». – 48 б.
- Копбосынова Р. (1972) Молодые художники Казахстана. Живопись. Графика. Скульптура. Алматы. «Жазушы». – 47 с.
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА). 1778-қор – Жазушылар Одағының қоры. 2-тізбе, 847-іс, 3, 4 п.
- ҚРОМА Одақ басқармасының 1949 жылғы май – 1950 сәуір айларындағы істеген жұмысының есебі. 1736-қор – Қазақстан суретшілер Одағының қоры, 1-тізбе, 340-іс, 4 п.
- ҚРОМА 1736 – Қазақстан суретшілер Одағының қоры, 1-тізбе, 362-іс, 16, 17 п.
- ҚРОМА 1773 – Сәулетшілер Одағының қоры, 1-тізбе, 84-іс, 5 п, 157-іс, 1п.
- Карабаева У.Х. (1993) Традиционная народная культура: тенденции возрождения и развития: Автореферат на соискание ученой степени доктора философских наук. Ташкент.
- ҚРОМА 1736 – Қазақстан суретшілер Одағының қоры, I тізбе, 515-іс, 2, 3 п.
- ҚРОМА 1840 – Композиторлар Одағының қоры, 1-тізбе, 92-іс, 119, 120 п.
- ҚРОМА 1736 – Қазақстан суретшілер Одағының қоры, I тізбе, 515-іс, 28 п.
- ҚРОМА 1778 – Жазушылар Одағының қоры, 2-тізбе, 13-іс, 30 п.
- ҚРОМА 1840 – Композиторлар Одағының қоры, 1-тізбе, 79-іс, 50-п.
- ҚРОМА 1840 – Композиторлар Одағының қоры, 1-тізбе, 92-іс, 42, 43 п.
- ҚРОМА 1840 – Композиторлар Одағының қоры, 3-тізбе, 15-іс, 4 п.
- ҚРОМА 1773 – Сәулетшілер Одағының қоры, I тізбе, 48-іс, 38 п.
- ҚРОМА 1736 – Қазақстан суретшілер Одағының қоры, I тізбе, 620-іс, 36 п.
- Мехтиева Л.И. (1991) Деятельность творческих союзов Азербайджана в развитии культуры (1960-1970 гг.): Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Баку.
- Федулин А. (1967) Кино в Казахстане. Алматы: «Қазақстан». – 57 с.

References

- Glaudinov B. (1974) Architecture Of Soviet Kazakhstan. Moscow. «Stroyizdat». – 133 p.
- Gurevich L. Ya. (1992) totalitarianism against the intelligentsia: from the history of the policy of the totalitarian state in relation to the intelligentsia of Kazakhstan. «No,» she said. «A10 Narivan». – 145 P.
- Erzakovich B.G. (1963) The relationship between Kazakh and Russian music. «No,» she said. «Kazmembasp». – 48 p.
- Kopbosinova R. (1972) Young artists of Kazakhstan. Painting. Graphics. Sculpture. Almaty. «Zhazushy». – P. 47.
- Central State Archives of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). 1778-Foundation of the Union of writers of Kazakhstan, 2-list.847-case.3,4 p.
- CSA RK. 1736 – Foundation of the Union of artists of Kazakhstan. List 1, Case 340, 4p.
- CSA RK. 1736 – Foundation of the Union of artists of Kazakhstan, list 1, case 362.16,17p.
- CSA RK. 1773 – Foundation of the Union of architects of Kazakhstan ,List 1, Case 84, item 5. Case 157, para
- Karabaeva U.H. (1993) Traditional folk culture: trends of rebirth and development.[tradicionnaya narodnaya kwlwtwa: tendenciï vrozjojeniya i razvitiya] Abstract on the application of the degree of Doctor of Philosophy. Tashkent.

CSA RK. 1736 – Foundation of the Union of artists of Kazakhstan, I – list.515-case.2,3 p.

CSA RK. 1840 – Foundation of the Union of composers of Kazakhstan, 1 – list.92-case.119,120 p.

CSA RK. 1736 – Foundation of the Union of artists of Kazakhstan, I – list.515-case.28 p.

CSA RK. 1778 – Foundation of the Union of writers of Kazakhstan, 2 – list. Case 13.

CSA RK. 1840 – Foundation of the Union of composers of Kazakhstan, list 1, case 79, item 50

CSA RK. 1840 – Foundation of the Union of composers of Kazakhstan, list 1, case 92.42, 43 p.

CSA RK. 1840 – Foundation of the Union of composers of Kazakhstan, 3 – list.15-case.4 p.

CSA RK. 1773 – Foundation of the Union of architects of Kazakhstan, I – list. Case 48.

CSA RK. 1736 – Foundation of the Union of artists of Kazakhstan, I – list. Case 620. 36 p.

Mekhtieva L.I. (1991) Activity of creative unions of Azerbaijan in the development of culture. (1960 to 1970). The dissertation on competition of a scientific degree of the doctor of historical Sciences. Baku.

Fedulin A. (1967) Cinema in Kazakhstan. Almaty. “Kazakhstan”. – 57 p.